

Все

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВИ

қор	2175
тізбе	1
іс	29

Алматы қаласы

Нысанбек

Төрешұлов

«Кенен, Кенен дейді той...»

Әстемік.

Машинкалық нұсқа.

Бастапқы және соңғы мерзімі ж. б.

Құжат саны _____

Парақ саны 14

қор	2175
тізбе	1
іс	29

Кенен, Кенен дейді ғой...

=====

Жаз айының соңғы күндері болатын. Күн арқан бойы көтерілген кез. "Ұмтыл" селосынан /қазіргі С.М.Киров атындағы колхоз/ ұмтыла жылжыған ақсұр "Волга" Алматы - Ташкент тас жолына шыққан соң сырғи жөнелді. Бет ²⁸¹ласымыз Алматы - астана. Машинада үшеуміз. Халқымыздың қалаулы ақын, композиторы Кенен Әзірбаев, Мен және оның баласы Бақытжан. Ол рулде.

Кенекең шыға бере ыңылдай бастады. Жастайынан көкірегі күй сандық боп қалған қарт жырау толғанып келеді. Ол оң жағына сәл бұрылды да:

- Мынау тұрған "Кіндік тас", бір көрген жан ұмытбас - деп алды. "Кіндік тас" - Қордай жотасынан оқшау тұрған тау. Бір кезде осы төңірек "Кіндіктас" колхозы боп ұйысқан. Оның басқарма бастығы осы Кененнің өзі болған. Бұл Қордайда ревкоз болғаннан кейінгі жылдар.

- Сонау қызыл таудың арғы асты "Сұлу²төр". Ноғайбай шешен ауылы. "Сұлу²төр, сенбесең оны барып көр" деген ғой елі

- Мынау көрінген "Бүркітті". Онда бүркіт ұялайды. Осы "бүркіттінің" мына жағы "Ат жайлау", "Қызыл құр". Онда Мөртай аулы/бар. "Қайран Мөртай" деп бір күрсінді қарт жырау.

Осы кезде бұрнағы күні түнде айтқан Кененнің "Мөртай сұлу" хикаясы көз алдыма келді. "Қызыл құрды" жайлаған Шөрегей елінде Мөртай деген сұлу қыз болыпты. Ол кездерде жасы отыздарға әлі жетпеген сұңғақ бойлы, қара мұрт ақын жігіт сол ауылға жиі келіп, Мөртаймен танысып, той жиындарда өлең айтысып жүреді. Содан бір-біріне ғашық болады. Бірақ, алдын ала беріліп қойған қалың мал екі ғашықтың қосылуына ерік бермеді. Мөртай сұлу Амантай дегенге ұзатылып кете барды. Ақын жігіт артынан қуды. Айдарбек дегеннің қара арғымағына мінгесіп екеуі қашып шықты.

Екі ел арасы дауға айналды. Кененді жазаламақ болды. Ақсақалдар араға түсті. Ақыры жігіт Мөртайды ұзатылған еліне табыс етіп, дау-дамайдан азар дегенде құтылды. Ғашық жарына қосыла алмаған ол "Мөртай бұлу" деп ән салып зарлап қала берді. Міне, Кененнің басынан өткен романтикалық бір хикая жайы осы.

Қант жыршы енді бірде ылғи жаққа көз тастап алды да, артындағы отырған бізге мойын бұрды.

- Сендер бұл өңірдегі жер аттарын, онда қандай оқиғалардың болып өткенін біле бермейсіңдер ғой. Сонау көз ұшында көрінген "Қоңыр адыр", "Аңдақай", "Шаң құдық", "Қыр құдық", "Жылы бұлақ", "Қалбай бұлақ", "Мәті бұлақ", "Қақпа тас", "Шоқпар тас", "Жартас" бәрі бала кезімізде жалаң аяқ жар кешіп, қой баққан жерлеріміз. "Мәті бұлақ" басындағы "жартасқа" қойшы кезімізде қашап салған ат, түйе, қой, ешкі, иттің, қасқыр қуған қойшының, түлкі аулаған аңшының сурет бейнесі әлі тұр. Сонау темір жолдың арғы жағын бойлап мұнартып жатқан жота "Долаңқара" жылқы малының өрісі. "Долаңқара, Долаң қара, Ерте тұр да атыңның жалын қара" деген сөз бар. Ілгеріде аты болдырған бір жолаушы кештетіп келіп, атын қоя бергенде, таң атқан соң қараса, боз қонақ, жабайы жоңышқаға тойған аты жалданып қапты дейді.

Ақын айтқан жер - су аттарына елігіп отырып, "Ақтерек" тұсына кеп қалғанымызды білмеппіз. Бұл Кенекеннің замандас ақыны Есдәулет Кандеков аулы. Ертеде екеуі осы арадан Әли батыр жасағына қосылған. "Ақтерек" колхозы тұсынан өте бергенде қарттың ойына бір оқиға түсті білем, бір қырындап алды да бізге мынаны айтты.

- Осы ауылдың жоғары жағын Сматай деген банды мекендеді! - деп алды әуелі - алғашқы колхоз ұйымдасып жатқан кез. Сматай бай-құлақтармен ымыраласып алып, жігіттерімен ауыл-ауылға ша-

буыл жасап, қырғидай тие берді. Біреудің атын әкетеді, біреудің сауып отырған сиырын жетектеп, енді бір ауылдың қорадағы қойын айдап кетеді. Не керек, жаңадан басы бірге бастаған елдің берекесін алып болды. Оның бұл әрекеті бізге жетіп жатты. Бір күні Алматыдағы басшылар мен келісіп, Сматайды қолға түсірудің шарасына кірістік. Өзімнің секретарым Иван Шумейкинді жіберіп, орталықтан Шпегальский басқарған милиция қызметкерлерін алдырдым. Сол кездегі ауыл активтері Шарап Жылыбаев, Қаймолда Айнақұлов тағы бірқатар мерген жігіттер Шпегальский отрядына қосылдық. Қарақшылар мекейдеп жүрген "Кереге тас", "Кіндіктас", "Жаманты", "Қоңыр төбенің" сай-жырала-рын, қараңғы үңгірлерін және көл-қопа қамыс араларын тінтіп қарап таба алмай әуре болдық. Бір малшы айтты: Не дейсің. Сматай бандылары "Анрақай" адырына шығып кеткен - деп, Сол айтқандай, біз олармен Анрақай сайынан кездестік. Ерсілі-қарсылы атыс басталып кетті. Оларда аз емес көрінеді. Осы соғыста қасындағы Шпегальскийге оқ тиіп, аттан құлады. Мен дереу көллегімді айырып жіберіп оның жарасын таңдым.

Біз сөйтіп жүргенде Шумейкиннің қолына да оқ тиіп жараланып қалды. Қарақшылардың да біразы оққа ұшты. Сматай аздаған жігіттерімен тауға қашып құтылып кетті.

Біз оны кейін айла мен қолға түсірдік емес пе. Осы "Актерлікте" Көпшілбай деген өзі батыр тұлғалы ұста болатын. Соған айттық: Сматай саған мылтық жөндетуге келсе, сен оны үйіңе шақырып күтіп ал дедік. Ол мақұл деді. Айтқандай, күздің бір күні Сматай қанжар соғып бер деп Көпшілбайға өзі барған. М Көпшілбай "мен саған дос адаммын, қару соғып беремін, мені өзіңе сана" деп әрең көндірген. Сөйтіп, бір түнде үйінде күтіп отырғанда біз үстінен түстік. Алысып-жағаласып жүріп оны ма-

тап, айдатып жібердік.

"Суық төбе!", төбесі көк аспанға жуық төбе деп халық осынау көрінген төбенің биіктігін айтса керек. Сол "суық төбенің" етегіне орналасқан "дегерес" совхозы тұсына таяп келеміз. "Оқтөккен", "Арыз төбе" деген қос төбенің арасынан зу-у етіп өтешіктік.

- Неге "Оқтөккен", "Арыз төбе" деді екен? - дегенімізде Кенен ақсақал:

- Әли батыр жасағы жауын жеңіп, қолға түскен патша солдаттарының орын осы төбеге төккізген... Ал, "Арыз төбе" дегеннің мәнісі: ертеде осы төңіректегі елді билеген Иса деген болыс елге жайсыз болыпты. Губернатор мынау қара жолдан өткенде, ел алдын тосып арыз айтқан екен.

- Сонау Алатауға жалғасып жатқан "Қызыл соқ" жотасы. Сүйінбайдың туған ауылы. Ел оны көргенде "Қызыл соқ" Сүйінбайдай ақын жоқ" деп айтады. "Самсыдан" шыға бергенде қарт тарлан тағы да бізге күлімдеп бұрылды:

- Ал, мына бір жол жағасында тұрған кішкене төбешіктің аты тіптен беріде қойылған. Оны "Шампан төбе" дейміз - дегенде біз күлісіп алдық - әне бір жылы Сәбит ағаларының жасы 60-қа толғалда кемпірімді ертіп тойына бардым. Ауылға қайтарда Сәбеңді және оның қонақтары Ғұлямді, Оспанқұлды, Тахауи, Хамит тағы бірқатар ақын-жазушыларды Қордайдағы үйіме шақырдым. Сонда Алматыдан ертіп шыққан қонақтарымды осы төбеге тоқтатып "Шөлдеп қалдыңдар ғой" деп шампан ашқызып сусындаттым. Бәріміз күлісіп, жайраңдасып осы бір аты жоқ төбені - "Шампан төбе" дестік. Содан бері ары-бері өткенде "Шампан төбе" деп сол бір қызық шағымызды еске түсіреміз. Ұзын Тағашқа келгенімізде Кенең машинаны Жамбыл музейіне қарай бұрғызды.

де - Ары бері өткенде Жәкеңнің басына соқпай кете алмаймын -

деді де ол. Мұнысы ұстазына деген үлкен ұрмет - ізеті еді. Алдымен Жамбыл күмбез-сағанасына бардық. Жон арқасында "Жамбыл Жабаев 1846-1945" деген жазуы бар төңкеріліп жатқан текше сұр тасты сипап тәуетін алды да, бас жағына шөкелей беріп тағзым етті. Сағанадан шықты да Жәкеңнің бау-бақшасына көз салды ол. Әлі пісе қоймаған ал қызыл алма сасып, бұтақтары иіліп тұр екен. Жәкеңнің жыры да жемісті, бағы да жемісті. Табиғат берген дарқан қазына бір-бірімен астасып тұрғандай. Музей үйін аралап жүрміз. Музей қызметкері бізге кейінгі қосылған жаңалықтарды атап көрсетіп жүр. Музейде Кенекең творчествосына арналған бұрыш та бар екен, оны көрдік. Екі жыршының достығы біраз бейнеленіпті.

Жамбылдың өз бөлмесіне келдік. Кілем мен пүшішке бөленген шағын кабинеттегі жұмсақ диванға жайғасып алды да Кенекең ұстазымен бірге жүрген ақындық өнер жолдарынан әңгіме шертті.

Қой соңында аспандағы бозторғайға ән қосып жүрген жалбағай жалаңаяқ қойшы бала сол өңірде Жамбыл дейтін жыршының бар екенін ең әуелі ақ әкесінен есіткен.

"Жас кезімде естуші ем,

Өз әкемнен Жамбылды.

Өлең сөзге даңғылды...

Енді жас Кенен осы ақынды көрсем деп армандады, Оның сәті былай түсті: 1902 жылы қырғыз елінің манабы Шабденге ас беріліп ұлан-асыр той болды дедік. Осы тойда екі ақын алғаш рет кездесті:

Біз сонымен Шабденнің аулына жүріп бердік - дейді Кенекең белгіленген үйге барып түстік. Сөз басталып кетті. Аты шыққан ақындарды шақыра бастады. Сейіттің ақыны атақты Майкөттің аяласы Арқабай шықты. Ол қолындағы қобызымен жұртты егілтіп жі-

берді. Өлең айтып б лғандарды бір жаққа шығарып жатыр. Тұрқы= байдың ақыны Жәміл шықты. Ол да айтып өтті. Қырғыз Қалмырзада шертіп=шертіп, жырын текті. Не керек, хатқа ілінген ақындардың жирымасы өткенен кейін барып, мені "Еркебайдың ақыны Кенен" деп шақырды. Жүрегім суылдап ортаға шықтым. Елдің екі көзі мен= де. Мен қатты қысылдым. Түндегі төрт=бес ауыздан да айрылдым... Амал жоқ, Сарыбасша, Құлағымды бұрап айқай салдым. Дауысым шыр= қап кетті де, сөзі ауыма түспей, тұрдым да қалдым. Ел ду кү= ліп жатыр. Бір қария:

- Ау, халайық, күлмеңдер, бала екен, қой жайып жүрген жері= нен Еркебай алып келген ғой. Қайта шырқасын, - деді. Қап, деп ортаға қайта шықтым. Ауызға сөз түсер емес... Қалмырза жігер беріп:

- Шырқай бер, ұялма - дегенде барып ауыма түндегі төрт бес ауыз өлеңім сап ете түсті. Мен екпіндетіп айта жөнелдім Адамдар "бәсе, балалық қой, қысылып тұрған екен, бұрын топты көрмеген ғой" десіп жатыр. Мынау сондағы өлеңімнің бас жағы:

"Мен өзім Дулат деген елден келдім,
Кел, Қопа, Қордай деген жерден келдім,
Жас бала жана талап, өзім жетім,
Туғалы мұндай жиын көрмеп едім..."

Осы тойға жалғыз атты сабалап, Алатауды жағалап Жамбылда жеткен. Бұл кезде оның алпыстарды алқымдап қалған шағы болса/ керек. Сол тойда Жамбыл апта бойы жырлады. Арада айтыс, қақты= ғыстар да, қисса=дастандар да, сынау=шенеу өлеңдер де айтылды. Тыңдаушы көпшілік оған дән риза болып, сый=сипат көрсетті. Кенен= нің айтуы бойынша сондағы Жамбылдың жыршылық сипаты мынадай:

Кісі екен алпыс жасты алқымдаған
Салдықтың самалымен салқындаған.

Домбыра ап, төңірекке қарағанда,
 От болып, екі көзі жарқылдаған.
 Ауызда айтар сөзі іркілмеген,
 Ақынның дер шағы екен бұл күн деген.
 Термелеп домбыраны сабағанда,
 Шіркіннің екі иығы бүлкілдеген...
 Бір жырды ақбоз үйде төгіп салды
 Ағайын қазақ, қырғыз жұртым деген...

Сол тойда Кенен Жамбылмен жүзбе жүз кездесіп сәлемдесті. Сонда Жамбыл:

"Кенен, Кенен деп жүр ғой елдің бәрі,
 Осы тойға жиналған жас пен кәрі
 Сәлем берсең, қарағым сәламет бол..."

деп, жас талапкердің сәлемін қабыл алып, оған ақ батасын берген. Ақын болсаң шыншын бол, халықтың жырын жырла, жарды паналап бұғып жататын жапалақ болма, әзіл сөйле, жұрт алдында қырандай биікке самға! Үстаз батасының новайы осылай еді.

Шәкірт ақын ұстазының осы айтқан өсиетін мүлтіксіз орындап келді. Ол бүгінде бүкіл совет Одағына белгілі ірі ұлтғалы ақын жыршы, әрі әнші, халық композиторы. Кенен Әзірбаевтың өлең, жырлары мен айтыс, әндерін, бір сөзбен айтсақ, ол былай: 150 дей әнмен оның тексті, 200-дей лирикалық арнау, толғаулар, ондаған дастан, жиырмаға тарта айтыс, Барлығы тоқсан баспа табақтай жыр қазына. Шежіреші қарттың айтатын аңыз, әңгіме, естелік, шешендік және мақал-мәтел, нақыл сөздер қоры өз алдына бір төбе.

Жетісу өлкесіне Балуан Шолақ келген жылы Жамбыл мен Кенен екінші рет кездесті. Олар ел аралап серілік сайран құрып, ән

шырқап жүріп Алматы базарына келді. Жыр жәрмеңкесін қыздырып өнер көрсетті. Балуан Шолақ дүкенші ұстаға:

- Тауға шығатын едім, атыма мықтап таға соғып бер! - деген. Олар бір айналып келсе, әлігі ұста тағаны соғып, суғарып қойған екен. Балуан:

- Әуелі ұстап көрейінші, - деп, тағаларды уыстап қысып жібергенде қабысып кеткен. Оған бәрі таң-тамаша қалысқан.

Жамбыл мен Кенен өзара ешуақытта да айтысқа түспеген. Ұстаз бен шәкірт арасы суып кетеді, жақын дос, сыйлас ағайын айтыспайды десе керек. Дегенмен екеуі ақындар сайысы болған жерден табысып отырды.

Жетісу өлкесіне келіп ән мен жырдың дүкенін қыздырған Шашубай ақын Жамбыл мен айтысқан ғой. Бұл қызықты кездесу 1909 жылы Алматыдағы осы күнгі қазақ би өнерінің майталман шебері Шара Жиенқұлованың әкесі Бұланбайдың үйінде өтті. Осы айтыстың ішінде болған Кенен бізге мынаны айтты.

- Екеуі біраз сілкілесті, біз көтермелеп отырдық. Шашубай лепіре сөйлеп алғашқыда Жамбылды менсінбеді. Арқадан келген Тұрлыбектей төрені, Бақиядай ояздың тілмашын мақтай берді. Жәкең оны Арқадан ауып келген ақтабансың, желігіп өз-өзіңнен мақтанасың" деп, шеней бастады. Қай кезде болмасын Жәкеңнің тілі ашы, ғой. Шашубайға бұл сөз қатты батты. Ол да қарманып бақты. Жамбылдың бойынан мін таппақ болды. Біз екі ақылды әзер дегенде тоқтамға шақырып, татуластырдық.

Жамбыл мен Кенен 1913 жылы Романовтар ұрпағының Россияда 300 жыл патшалық құруына байланысты Верныйда өткен тойда да бірге болды. Ақындық сөздің әсерін білген губернатор мен болыстар жер-жерден ақын, жыршыларды жинатты. Олардың ішінде Жамбыл, Кенен, Арғынбай, Бармақ, Үмбетәлі, Өмірзақ, Арқабай,

Мамырайым, Сәдібек, Жанақбай, Қарабек, Әбдіқадыр, Мұқаметжан, Шәкітай, Жолдыбай, Садық, Шарғы, қырғыздан Оспанқұл, Халық, Сәрсен ақын, жырау бар=ды. Жиналғандар жасы үлкен деп Жамбылға сөз берді. Сонда ол ешкімнен именбестен патша, би, болыс, губернатор, шабармандарды шетінен шенеп шықты.

Петроград, Алматы,
 Бір жылдық жол арасы=ай,
 Патшаның қуын қарашы=ай,
 Өзі келмей істеткен
 Айдалаға тамаша=ай
 Қазақ пенен қырғыздың
 Табақ, табақ етімен
 Тойғызып жатыр сабасы=ай,
 Өңшең ұлық өгіздей,
 Біз бұзау мен таншасы=ай -

деп келіп, ол:

Ертерек елге қайтайық,
 Жұртқа керек өлеңді
 Ауылға барып айтайық -

деп өзінің ақын достарын елге шақырды. Патшаны, өздерін мақтайды ғой деп отырған ұлықтар мұндай сөзді күткен жоқ еді. Жандармдар Жамбыл мен оның қасындағы ақындарды тергей бастады. Әуре=сарсаңға түскен ақындар әрең дегенде құтылып, елді=еліне тарады.

1916 жылғы ұлт=азаттық қозғалысқа екі ақын жырымен де, ісімен де белсене қатысты. Бұл жағынан алып қарағанда да екеуі т тағдырлас. Халық басына түскен х таухыметті бірге көтерісті. Көтерлісшілердің қалың ортасында жүріп, өздерінің үгіт өлең, жырларын айтты. Еңбекші бұқараны еркіндікке, жеңіске шақырды. Жамбыл "Патша әмірі тарылды", "Зілді бұйрық" жырларын толға

ғаса, Кенен "Он алтыншы жыл", "Аттан", "Қайран елім қайда", "Бұлбұл" әндерін шырқады. Екеуі де осы өлең, жырлары мен патша жарлығына қарсы әрекеттері үшін қуғынға ұшырады. Патша жандарм, сабармандары Жамбылды бір топ көтерілісшілермен бірге түрмеге жапты. Кенен болса олардың уысынан қашып шығып қырғыз елін паналады.

Екі ақын Жетісу өлкесінде өткен көптеген айтыс өнерінің ортасында жүрді. Жиналған жыр құмар қауымға ұстазы ағалық жырын ағытса, інісі сұлу сазды әсем әнін шырқады. Осындай айтулы жыр сайысының бірі 1919 жылы өтіпті. Жетісудағы Қасым деген беделді кісінің жасы 60-қа толғанда әйелі ұл туады. Осыған байланысты үлкен той болады. Осы тойға көптеген ақын, жыршылар келеді, Олар той-думанды қыздырып, кәдімгі көкпаршы додапаздарға ұқсап бір-біріне өлеңмен кезек сөз тастап отырды. Әуелгі сөзді Бармақ ақын алды. Ол біраз термелей келіп, Кененге кезек берді. Кенен сөз аяғын Үмбетәліге тастады. Үмбет ақын қыза келіп:

- Осы ауылда менімен айтысатын қыз-келіншек бар ма? - деді. Жұрт ақын қыздарды іздестірді. Біреу айтты. - Көрші ауылда Нұрила бар деп. Оның күйеуі жібере қоймас, бір ықпалды адам хат жазбаса десті бәрі. Көпшілік өтініші бойынша осы тойға қатысып отырған Жұбаныш Бәрібаев хат жазып Нұрилань алдырды. Нұриланың босанғанына сонда үш-ақ күн болған екен. Сәбиін құндақтап күйеуін қалдырды да тойға жеткен. Жастайынан айтыс өнеріне машықтанған, талай рет сөз сайысына қатысып ақындарды жеңіп жүрген Нұрила оншақты ақын салтанат құрып отырған үу тұсына келіп, ат үстінен:

"Мен өзім шақыртумен тойға келдім,
Кім бар деп осы тойда ойлап едім..."

деп, ең әуелі той иесіне құтты болсын айтып, аттан түсті. Қасына ерген екі абысын, жеңгесі бар. Нұрилла ақбоз үйге енген соң алдымен ел басшысы Жұбаншқа, онан соң жағалай отырған еңкей ақындарға жеке-жеке сәлем берді.

Аманба, Үмібетәлі, Бармақ ақын,
Сендерді деп айтады саңлақ ақын...
Жолдасын өмір серік елеңменен
Көңілім елең десе елеңдеген,
Кененді бір көруге құштар едім,
Атақты әнші ақын дегенменен.
Жеңіп ем былтыр ғана Арғынбайды,
Осы үйде домбырасы даңғырайды..."

Нұрилла Жамбыл атасына ерекше ілтипат көрсетіп былай деді.

Ортамызда ежелгі қосқан мынау отыр
Барлық ақын бас қосқан мынау отыр.
Сіз тыңда, қалғанымыз айтысайық,
Біздерді Жамбыл ата сынап отыр".

Осыдан кейін айтыс басталып кетті. Нұрилла осы тойда Бармақ, Шәкітай, Кенен, Оспан, Саяділ тағы сол сияқты он шақты ақынмен жекпе-жек айтыса келіп, бәрінде жеңді. Ақыр соңында Үмбетәлімен мықтап ұстасып, оны да отырғызып кетті. Жамбыл Нұрилладай ақын қыздың мұндай өнеріне қатты риза болып, айтыс соңын өзі қорытты Нұриллаға жырмен алғыс айтып:

Қара табан болғанда қарашығың
Нұриллажан кел сонда біздікіне -

деп, үйіне шақырды. Нұрилла бұған жетпей 25 жасында қыршын кетті. "Бір арманым өлең" деп көз жұмды.

1920 жылы қазақ ауылдарында жаңаша сайлау жүргізілді. Онда облыстық атқару комитеттерінің төрағасы сайланды. Сол жылы Алматыдан Ұзынағашқа өкілдер келіп сайлау жұмысына басшылық етті.

Осы сайлау кезінде де біраз ақын, жыршылар бас қосты. Олардың ішінде Жамбыл, Кенен, Үмбетәлі, Саяділ, Бармақ, Мақыш болды. Қай кезде болмасын сөзді бүкпесіз тіке айтатын Жамбыл:

"Тобына келсем сыйым жоқ,
Тентенгіңе тиым жоқ
Киелік десек киім жоқ,
Базарға барсам бұйым жоқ,
Сөзді тыңдар сиың жоқ"...

деп сол кездегі жетіспеушілікті батыл сынады. Өкілдер "сөздің әділін айтатын нағыз ақын екен" деп, оған тәнті болды. Сол сайлауда Қордай еліне Кенен Әзірбаев, Кастек аулына Мақыш Райымбеков болыс болып сайланды. Бұл жыл ел аузында "Ақындар болыс болған жыл" атанды.

Алматыда, Ұзынағашта болған Октябрь мерекелеріне арналған жиын тойларға Жамбыл мен Кенен бірдей қатысып, жыр жәрменкесін қыздырды. Осындай мерекенің бірі 1924 жылы Ұзынағашта өтіпті. Бұл Советтік Қазақстан астанасының Қызыл Қордадан әлі көшіп келе қоймаған кезі еді. Ұлы Октябрь революциясының жеті жылдығына арналған салтанатты к мереке мен оған байланысты ашылған көрмеге Жетісу халқы мол жиналды. Алатау атырабындағы ақын, жыршы, әнші, күйшілер түгел дерлік келді.

Осы тойға кімдердің келгенін, ондағы Жамбылдың, тағы бір ақындық қайсарлығын Кенен былай әңгімелеп берді.

— Күздің суық кезі. Ұзынағаш жотасына тоғыз үй тігілді. Алты қанақ ақ үйге ақындар жиналды. 7-ноябрьдегі бұл мерекеге сол кездегі Қазақстан басшыларынан Жандосов, Рысқұлов, Мыңбаев, Сапаров, қырғыздан Құдайқұлов, Оразбеков, жазушылардан Ілиясов Жансүгіров тағы бірқатары келді. Ілиясты Жамбыл екеуміз алғаш рет сонда көрдік. Ол бізбен біраз сөйлесіп, өлеңдерімізді жазып

алды. Ол жылдары мен Қордайға, Мақыш Екей еліне болыс едік. Мақышта ақын болатын. Ол "тілі ашы, бетке тіке айтып, көпшілік арасында ұялтып тастайды" деп, Жамбылды қақпайлата береді еке^н. Осы той кезінде де Мақыш сол әдетін істеп, Жәкеңді шақыртпай қойыпты. Тойдың хабарын жол=жөнекей есіткен қарт жырау жауындатып Ұзынағашқа жетіпті. Ақындар отырған үйге келсе, есік алдындағы милиционер оны "ақын емессің" деп үйге кіргізбепті. Сыртта дабырласып жатқанда Жандосов өзі шығып, Жәкеңді үйге ертіп кірді. Қартыңның үсті су=су, сақалы тарам=тарам болып шашырап тұр.

Бәрімізге өткір кезін бір алартып алды да, тұрған күйі

"Мен Жамбылмын, Жамбылмын,

Өлең сөзге даңғылмын" - деп суырыла

жөнелді, бір кезде ол үкімет басшыларына қарап:

"Әкең сенің у тас жаққан,

Қаңғып жүріп сиыр баққан.

Жандосов пен Бәрібай

Торқалы тойға шақырмай

Мен сендерге не қылдым?"

дегені бар емес пе?

Бәріміз "қой=қойлап" жүріп қартыңды әрең дегенде тоқтаттық. Ораз Жандосов Жамбылға хабар бергізбеген Мақышты көптің кезінше ұрысып, ұялтып, Жәкеңнен көшірім сұрады. Сол тойда әбден шабытына кеп алған ол ешкімге кезек бермей өзінің қыр=термелерін текті ғой.

Екі ақын бір=бірінің қайғы, қуанышына үнемі ортақ болып келді. Әне бір жылдары Шу бойын аралап жүрген Кенен ауыр қайғыға ұшырап екі бірдей баласы шешектен қайтыс болды ғой. Советтік жаңа тұрмыс орнап, енді ғана жалшылықтан арылып,

еңсесі көтеріліп келе жатқан ақын тағы да шөгіп қалды. Шер көңілді ақын "Базар-Назар" деген зарлы әнін шырқап, онысы қазақ, қырғыз аласына жайылып кеткені мәлім. Кенен басына түскен бұл қайғы Жамбыл көңілін толқытпай қоймады. Ол ақын інісіне көңіл айтып, жасыма деп былайша жігер берді.

Өзіңнің мойның қылқып,
Атыңның бұты тыртып.
Әжептәуір жігіт ең,
Қалған ба саған тіл тиіп.
Ер жігіт десем, ез құсап,
Мойып қапсың сылқып.
Қой, ойлама уайым!
Туарынды ұрайын,
Тағы да табар жұбайың
Түбің берсін құдайым?" -

Бір жаманшылықтың бір жақсылығы бар, бір реніштің бір сүйініші бар деген емес пе? Сол қайғының артынша бірер жылдары соң Кененнің жұбайы қыз тауып, атын Төрткен қойды.

Кененнің перзентті болғанын есіткен Жамбыл Қордайға жетті.

ді көрді. Өкімет пен партия басшыларына жолықты. Оларменен дас-
 тарқандас та болды. М.И.Калинин Жамбылға "Еңбек Қызыл Ту",
 Кененге "Құрмет белгісі" орденін тапсырды. Қалған күндері Мос-
 кваны аралап, кино=театрларға барып тамашалады. Тарихи музей-
 лерге барып, метроға түсті. Әдебиет, мәдениет қайраткерлерімен
 кездесіп сұхбаттасты.

Осы бір бақытты, сәтті күндер мен көрген білгендердің бәрі
 екі ақын жырынан көрініс тапты. Мәселен, Отан, партия, Ленин
 мавзолейі, Москва туралы елең мен толғау Жамбылда да, Кененде
 де бар. Сол жолы екеуі Ленин мавзолейіне кіргенде:

Жамбыл:

Қартайғанда бір көріп,
 Зират етіп қайтуға
 Жамбыл келді алыстан" -

десе,

Кенен:

"Басына келіп зират қып,
 Ажарыңды көрген соң
 Бір жасап қалды Кененің"-

деп көсем алдында жырмен тағзым етті.

1937 жылғы декабрьдегі грузияның ұлы ақыны Шота Руставели
 тойына Кененнің баратын реті жоқ екен. Ол қазақ делегациясы-
 ның құрамына Жамбыл ұсынысы бойынша енген. Қазақстан жазушы-
 лар Одағынан келген Қалмақан Әбдіқадыровқа Жәкең әуелі ол той-
 ға бара алмаймын деп отырып алды. Қарт жырау жасым болса тоқ-
 саннан асты, жер арасы шалғай, қалжырап жете алмаспын, егер
 жолда олай=пұлай боп кетсем, қасымда жанашыр туысым, серігім
 болсын деп ойлады ма, кім білсін.

- Мен барайын, бірақ қасымда балам Сатыш пен шәкілдірім

Кенен еріп жүретін болсын! – деді. Оның бұл шарты орындалды. Көп кешікпей Жамбыл бастаған қазақ делегациясы алдымен Москваға, онан соң Кавказға жол тартты.

Жол-жөнекей Кенен екеуі ән мен жырды бірінен соң бірін ағытты. Үйқысы сергек зеріге бастаса дереу:

– Кенен ән салшы? – дер екен. Сонда Кенекең неше түрлі әнге басатын көрінеді. Қасындағы ақын, жазушылар жолшыбай қалалар мен елдер тарихынан әңгімежи қозғады. Бұл әңгімелер босқа кетпеді. Жүрдек поезд әр қала мен елдерге келгенде құйма құлақ жырау оларды жаңа арнауларымен қарсы алып отырды. "Орынбор туралы жыр", "Чапай", "Тынық Донның ұлдары", "Кавказға сәлем" сияқты Жәкең жырлары соның нәтижесі. Ол туындыларды хатшылары қағазға түсіріп, аудармашылары тәржималай барды. Жол үстінде бұлайша жыр тиегін ағыту тек қана Жамбыл тәрізді суырып салма ірі ақынның ғана қолынан келер еді, – дейді Кенекең.

Жамбыл ұстазына Кенен бірнеше өлең, жыр арнады, "Жамбыл ата" деген ән шығарып, оны көпшілік арасында шырқап жүрді. Бір бұл емес, әнші ақынның "Жамбыл қашан келер екен", "Жамбылға көңіл айту", "Жүз жасаған Жамбылға" сияқты өлең, жырларының да арнаулы әуен саздары бар. Сөз соңында Кенекең ол жырларынан өз үзінді айтып, ән сазымен шырқап берді.

...Музейден шығып астанаға қарай бет алдық. Қарт жыршы Ұзынағаш селосының ортасындағы төбені нұсқап:

– Осы төбенің басында баяғыда генерал Колпаковскийді суреті тұратын. Октябрь мерекесін тойлар алдында оны алып тастағанбыз. Енді оның орнына Жәкеңнің мүсін-тұлғасын орнатса болғандай екен, – деп қойды.

– Жамбылдықтардың есінде болатын игі іс екен – дестік біз. Қаладан шыға бере қарт жырау тағы да ыңылдай бастады. Ол

77

толғанады. Ойы шар тарапты шарлайды. Өзін-өзі күйлейді. Көкейінде бір күй бар өзін-өзі илейді, Көкейінде бір жыр бар Әлгінде бізге әңгімелеп берген жарты ғасырлық жыр жолындағы достық енді жыр-дасданға айналып келе жатқан тәрізді. Тезірек ән серігі, жан серігі домбырасына жеткісі келді. Ақ сақалы желпілдеп, ішінен күбірлеп жырлап келеді.

Елу жыл біре жүрген Қайран Жәкең
Домбыраң құлағымда күбірлейді...

Нысанбек Төдешұлы.